

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ИНСТИТУТЫНЫҢ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Өнеркәсіп қондырғыларының электржетегі және автоматтандырылуы
кафедрасы

ЭНЕРГИЯНЫҢ ЭЛЕКТР МЕХАНИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРГІШТЕРІ

050718 – Электр энергетикасы мамандығының барлық оқу түрлерінің студенттері үшін зертханалық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Алматы 2009

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Н.К. Алмуратова, Ю.А. Цыба. Энергияның электр механикалық түрлендіргіштері. 050718 – Электр энергетикасы мамандығының барлық оқу түрлерінің студенттері үшін зертханалық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау – Алматы: АЭЖБИ, 2009. - 36 б.

Энергияның электр механикалық түрлендіргіштері курсының зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқауларға фазалық асинхрондық қозғалтқыштарын зерттеу кіреді. Мұнда әрбір зертханалық жұмыс жазбасы келтірілген, тәжірибелік берілгендерді жүргізу және өңдеу әдістемесі, ұсынылатын әдебиеттер және бақылау сұрақтары берілген.

Әдістемелік нұсқаулар 050718 – Электр энергетикасы мамандығының барлық оқу түрлерінің студенттеріне арналған.

№1 зертханалық жұмыс. Адымдық қозғалтқыштың жұмыс тәртібін зерттеу

Жұмыстың мақсаты: Адымдық қозғалтқыштың құрылғысымен, әсер ету қағидасымен және жұмыс тәртібімен танысу.

1.1 Қондырылған жабдықтар және стенд жайында негізгі мәліметтер

Зертханалық стендтің құрылымдық таңбасы 1.1 суретте келтірілген. Бұл жабдықтарды жинақтаушы жинақ зерттелетін құрылымдық сұлба өткізгіштерінің ең аз санын талап ететіндей жасалған.

Құрылымдық тақтада: (АҚ) қозғалтқыш білігінде 0,1 ден $1,0 \cdot 10^2$ дейінгі аралықты құрайтын электр магниттік тежелу мен адымдық қозғалтқыш және өлшегіш аспаптар, басқару элементі және тежелуді реттегіш ретінде ЛАТР қарастырылған.

Сол секілді тақтада импульсті қоректену жүйесі мен адымдық қозғалтқыштың басқару блогы орнатылған. Басқару импульсінің шамасын бақылау үшін V_{II} вольтметр, ал тежелу моментін өлшеу үшін қозғалтқыш білігіне момент датчигі M_T орнатылған. Қозғалтқыш роторының айналу жылдамдығы және бұрылу бұрышы электрондық тахометрмен өлшенеді. Π_1 ауыстырып қосқышы кернеуді АҚ импульсті қоректену жүйесіне береді, ал қосқыш B_1 тежелудің қоректенуіне береді. B_2 қосқышы адымдық қозғалтқыштың орамына $U_{II}=7В$ және $U_{II}=10В$ кернеуін беруді іске асырады.

1.2 Жұмыс бағдарламасы

1.2.1 Зертханалық стендтағы жинақтаушы элементтердің техникалы сипаттамаларымен және белгіленулерімен танысу.

1.2.2. Зерттеудің сұлбасын 1.2 суреті бойынша жинақтау

1.2.3. Қозғалтқыштың адымдық және үздіксіз тәртіп кезіндегі жұмысымен танысу, ротор қадамын анықтау.

1.2.4 Адымды қадамның механикалық $f=f(M)_{max}$ сипаттамасын алу .

1.2.5 Адымды қадамның шекті динамикалық $f_{пр} = f(M)_{max}$ сипаттамасын алу.

1.3 Жұмыстың орындалу тәртібі және әдістемесі

1.3.1 Стендте кернеу болмаған кездегі өлшегіш аспаптардың, клемманың және жалғастырушы өкізгіштердің жағдайларын тексеру.

1.3.2 1.2 суреттегі көрсетілген электрлік сұлбаны жинау, осы қозғалтқыштың үздіксіз және адымдық тәртіптегі жұмысқа қабілеттілігін тексеру. Ол үшін Π_1 ажыратып қосқышты қосып, B_2 қосқышын адымды қадам орамының кернеуін $U_{II}=7В$ немесе $U_{II}^1=10В$ жағдайына келтіріп қосу.

Адымды қадам басқару блогының көмегімен квазистатикалық (адымдық) немесе қондырылған (үздіксіз) жұмыс тәртібін орнату, адымды қадам айналу бағытын таңдау. Қадамдық тәртіп кезінде қадам саны кез келген мәнде болуы мүмкін, бірақ 9-дан 999-дейін болуы керек. Берілген адымды қадам мүмкіншілігі бойынша ажыратып қосу кернеуінің үздіксіз тәртіп кезіндегі басқару импульсінің жиілігі 700-1900 Гц аралықта болуы керек.

Қозғалтқыштың ротор қадамы қадамдық немесе үздіксіз жұмыс тәртібі кезіндегі теңдеуден

$$\alpha = \frac{\beta}{k} \kappa = \frac{n \cdot 360^\circ}{60 f}$$

мұндағы β - қадамдық тәртіпте адымды қадам ротор білігінің

бұрылу бұрышының мәні

k – берілген қадам саны,

n – АҚ роторының айналу жылдамдығы,

f – басқару импульсінің жиілігі

және n мәндері электронда тахометр көрсетуі бойынша жазылады.

1.3.3 Бақыланған M_T момент датчигі көрсетуі бойынша АҚ ротор

білігінде тежелу моментінің мәнін $25 \cdot 10^{-3}$ тен $120 \cdot 10^{-3}$ аралықта ұстау үшін В1 қосқышын АҚ шекті механикалық сипаттамасын алу үшін (1.2 суретті қараңыз) қосады.

Шекті механикалық сипаттама қозғалтқыштың синхрониздену кезіндегі ротор білігіне максималды моменттен $(M)_{\max}$ импульсті басқарудың беру жиілігіне тәуелділігін көрсетеді. Сондықтан орнатылған тәртіпте әр берілген басқару импульсінің жиілік мәні тежелу регуляторының сағат тілі бойынша айналу жолында ротор білігіндегі тежелу моменті АҚ синхронизден шықпай тұрғанда, яғни АҚ тоқтағанша ұлғаяды. Бұл кездегі максимал тежелу моментінің $(M)_{\max}$ мәні әр 200 Гц сайын аралығы 700-1900 Гц болатын жиілік үшін M_T момент датчигінің көрсетуі бойынша алынып отырады.

M_T өлшеу нәтижелері, f және n мәндері 1.1 кестеге енгізіледі. Тежелу моменті үлкен, яғни $M_T > 100 \cdot 10^{-3}$ Нм болған кезде АҚ ұзақ зерттелмей, электр магниттік тежелу секілді қыздырылады.

1.1 К е с т е - $f=f(M)_{\max}$ тәуелсіздігін тұрғызуға арналған мәліметтер

Өлшеу нәтижелері			
n	$f, \text{ Гц}$	$M_T, 10^{-3} \text{ Нм}$	$V_{II}, \text{ В}$

	700ден 1900 дейін 200Гц кейін		$U_{II}=7В$ кезінде
	700ден 1900 дейін 200Гц кейін		$U^1_{II}=10В$ кезінде

Шекті механикалық сипаттама В2 қосқышының екі жағдайында, яғни АҚ оралымындағы кернеу $U_{II}=7В$ және $U^1_{II}=10В$ кезінде алынады.

АҚ шекті механикалық сипаттамасын $f=f(M)_{max}$ 1.1 кестедегі мәлімет бойынша тұрғызу.

1.3.4 Басқару блогының шекті динамикалық сипаттамасын алу үшін АҚ үздіксіз жұмыс тәртібінде қойылады және 1.4.3 тармағындағы сенімді әр 200 Гц сайын шекті аралығы 700-1900 Гц болатын әр басқару импульсінің жиілігінен ротор білігіне тежелу моментін ұлғайта отырып, синхронизден қозғалтқышты шығарады. Бұл кезде қозғалтқыш тоқтағаннан кейін әр басқару импульсінің жиілігінен қолмен тежегіш регуляторының сағат тіліне қарсы айналу жолында ротор білігіндегі M_T тежелу моменті АҚ синхроннан шықпай тұрғанда, яғни қайтадан жіберілмей тұрғанда азаяды. Бұл жағдайдағы қозғалтқыштың синхронизден шықпаған кезіндегі ротор білігіне жүктеменің әр нақты шамасы үшін басқару импульсінің беру жиілігін АҚ шекті жиілігі $f_{пр}$ ретінде сынауға болады. Әр $f_{пр}$ мәні үшін M_T өлшеу нәтижесін 1.2 кестеге енгізу.

Сол секілді шекті динамикалық сипаттамасын В2 қосқыштың екі жағдайында, яғни АҚ аралығында кернеу $U_{II}=7В$ және $U^1_{II}=10В$ кезінде алуға болады.

АҚ-ның шекті динамикалық сипаттамасын $f_{пр}=f(M)_{max}$ 1.2 кестедегі мәліметтер бойынша тұрғызу.

1.2 К е с т е - $f_{пр}=f(M)_{max}$ тәуелділігін тұрғызуға арналған мәліметтер

Өлшеу нәтижелері		
$f, Гц$	$M_T, 10^{-3} Нм$	$V_{II}, В$
700ден 1900 дейін 200Гц кейін		$U_{II}=7В$ кезінде
700ден 1900 дейін 200Гц кейін		$U^1_{II}=10В$ кезінде

1.4 мазмұны

1.4.1 АҚ кадамдық және үздіксіз жұмыс тәртібін зерттеу сұлбасы.

1.4.2 Ротор қадамын анықтау үшін мәліметтер.

1.4.3 Шекті механикалық сипаттамасын тұрғызуға қажетті өлшемдегі мәліметтер.

1.4.4 Приемистосты шекті динамикалық сипаттамасын тұрғызуға қажетті мәліметтер.

1.4.5 Жұмысты орындау нәтижесінде алынған қадамдық қозғалтқыштың шекті динамикалық сипаттамасы үшін шекті механикалық сипаттамасының мәліметтері.

1.4.6 Қорытынды.





Рисунок 1.1 - Монтажная панель лабораторного стенда

1.5 Бақылау сұрақтары

- 1.5.1 Автоматика жүйесіндегі қадамдық қозғалтқыштың белгілері
- 1.5.2 Магнит электрлік қадамдық қозғалтқыштың құрылысы және жұмыс істеу қағидасы.
- 1.5.3 Реактивті қадамдық қозғалтқыштың құрылысы және жұмыс істеу қағидасы.
- 1.5.4 Қадамдық қозғалтқыштың жұмыс тәртібі және оның сипаттамалары.
- 1.5.5 Қадамдық қозғалтқыштың жиілігі нені сипаттайды және ол неге тәуелді?
- 1.5.6 Қадамдық қозғалтқыштың шекті механикалық сипаттамасы және ол нені сипаттайды?
- 1.5.7 Қадамдық қозғалтқыштың шекті динамикалық сипаттамасы және ол нені сипаттайды?
- 1.5.8 Ротор жағдайындағы статикалық қателік және оның жүктемеге және максимал моментке тәуелділігі.
- 1.5.9 Электр магниттік моменттің келтірілген бұрышына тәуелділігі.
- 1.5.10 Қадамдық қозғалтқыштың симметриялық емес үш тактілі және бір сызықты алты тактілі коммутация түсінігі.
- 1.5.11 Қадамдық қозғалтқыштың төрт тактілі және алты тактілі әр сызықты коммутация түсінігі.
- 1.5.12 Автоматика жүйесіндегі әртүрлі қадамдық қозғалтқыш типтерінің қолданылу аймақтары.



ЖҰ

2 зертханалық жұмыс. Тұрақты тоқты қоздыруға тәуелсіз қозғалтқыштың жылдамдық және механикалық сипаттамасын зерттеу

Жұмыстың мақсаты және теориялық жағдайы.

Жұмыстың мақсаты жылдамдық сипаттамасын алу болып табылады

$$\omega = f(I)$$

және келесі әртүрлі тәртіптегі қоздыруға тәуелсіз тұрақты тоқты қозғалтқыштың механикалық сипаттамасына $\omega = f(M)$ есептемесін жүргізу. Қоздыруға тәуелсіз қозғалтқыштың механикалық сипаттама теңдеуі белгілі болғандай мына түрде болады

$$\omega = \frac{U}{k\Phi} - M \frac{R}{(k\Phi)^2}$$

(1) мұндағы U - желі

кернеуі;

Φ – қозғалтқыштың магнит ағыны;

M – қозғалтқыштың моменті;

R – якорь орамындағы ішкі қосымша кедергілерден тұратын якорь тізбегіндегі толық кедергі;

k – якорьдың құрылмалы еселеуіші;

(1) кейіптемеден U , Φ және R көрсеткіштерінің өзгеруі кезінде ω жазықтағы M механикалық сипаттама жағдайын өзгертуге болатынын көруге

болады.

(1) графикалық теңдеу түзу түрінде 1 - суретте бейнеленеді. Желідегі кернеудің, тұрақты магнит ағынының өзгермеуі кезінде идеалды бос жүріс жылдамдығына ω_0 сәйкес координат остеріне жалпы нүктелері арқылы әртүрлі кедергілік якорлық тізбектің механикалық сипаттамалары өтеді.

Қозғалтқыштың якоры желіден ажыратылып және сыртқы кедергіге қосылған жағдайда динамикалық тежелу орын алады. Осы кездегі механикалық сипаттама теңдеуі келесі түрде болады

$$\omega = -M \frac{R}{(k\Phi)^2}$$

Қозғалтқыштың өзгермейтін магнит ағыны кезінде динамикалық тежелу сипаттамасы координат арқылы өтпелі, тікелей болады. 1- суреттегі 2 квадратта якорь тізбегінің әртүрлі кедергілері кезіндегі тұрақты токты қозғалтқыштың қозуға механикалық сипаттамалары динамикалық қозуға тәуелсіздігі көрсетілген.

Алдымен якорлық тізбекте және қоздырудың қалыпты тогында сыртқы кернеу болмаған кезде, қалыпты кернеудегі қозғалтқыштың табиғи сипаттамасы $\omega = f(I)$ алынады. Өндірулік тәртіптен қозғалтқыштық токқа өткенде сыналынатын қозғалтқыштың якорының тізбегі және жүктемелі қондырғысы өзінің кернеуін өзгертеді. Якордың тізбегіне енгізілген қозғалтқыштың реостаттық сипаттамасын, қосымша кедергілерін алған кезде тапсырма бойынша қозғалмалы тәртіптегі якордың номиналды ток кезінде номиналдың қандай да бір бөлігіне тең сыналатын қозғалтқыш жылдамдық шамасын (мысалы, $\omega = 0,5U_H$ немесе тежелу тәртібінде $\omega = 0,5U_H$ шамасы) алу керек. Қозғалтқыштың якорлық тізбегінің кедергісі номиналды жүктеменің жылдамдығының азаюына пропорционалды болғандықтан, қосымша кедергі аналитикалық жолмен анықталуы мүмкін

$$\frac{R_{\Sigma} + R_{\delta H}}{R_H} = \frac{\omega_0 - \omega}{\omega_0},$$

Осыдан

$$R_{\Sigma} = R_H \left(1 - \frac{\omega}{\omega_0}\right) - R_{\delta H}.$$

мұндағы ω - якордың номиналды ток кезіндегі қозғалтқыштық тәртіпте

берілген жылдамдығы;

$R_{\delta H}$ - қозғалтқыштың ішкі кедергісі;

R_H - қозғалтқыштың номиналды кедергісі.


Қарсы қосылу тәртібінде жұмыс істейтін қозғалтқыштың берілген нүктесінде қосымша кедергіні R_{Σ} анықтау үшін оның жылдамдығы кері екенін ескеру қажет, сәйкесінше, (3) $\omega < 0$ кезінде

$$\frac{R_{\Sigma} + R_{\delta H}}{R_H} = \frac{|\omega_0| - |\omega|}{|\omega_0|},$$


Сонда

$$R_{\Sigma} = R_H \left(1 + \frac{|\omega|}{|\omega_0|}\right) - R_{\delta H}$$

1-суретте IV квадратта болатын $\omega_2 = -0,5 \omega_H$ нүктесі арқылы туындайтын номиналды ток кезіндегі реостаттың сипаттамасы келтірілген.



Рекуперативті тежелу тәртібінде сипаттамаларды алу үшін жүктемелі машиналар көмегімен сыналатын қозғалтқышқа жылдамдық - өтпелі идеалды бос жүріс жылдамдығын, осы бағытта яғни, оның айналу және қозғалу тәртібі жөнінде жеткізу қажет. Солай бола тұра, сыналатын қозғалтқыштың айналу жылдамдығы идеалды бос жүріс жылдамдығынан 30% -дан артық аспауы қажет. 1 - суретте толық магнит ағыны және өзгермейтін желі кернеуі кезіндегі тәуелсіз қоздырылмалы қозғалтқыш үшін қозғалмалы және тежелмелі тәртіптегі табиғи және реостаттық сипаттамалар келтірілген.



Қозғалтқыштың динамикалық тежелу тәртібіндегі сипаттамасын алу үшін сыналатын қозғалтқыш якорь желілерден ажыратылып, қосымша кедергілерге жалғанады. Сыналмалы қозғалтқышқа қоздыру обмоткасы желілерге жалғанады, ал ток оларға алдыңғы жағдайдағыдай әсер етеді.

Якорлық тізбекте қосымша кедергінің тиімді шамасы келтірілген қатынасқа негізделіп, графикалық жолмен анықталуы мүмкін

$$\frac{R_T + R_{\omega H}}{R_H} = \frac{\omega}{\omega_0}$$

Осыдан

$$R_T = \frac{\omega}{\omega_0} R_H - R_{\omega H}$$

мұндағы ω - якордың номиналды тогы кезіндегі тежелмелі тәртіптегі қозғалтқыштың жылдамдығы.

Динамикалық тежелу сипаттамасын алған кезде жылдамдықты нөлден бастаған ыңғайлы. Жүктемелі машинаның якорлық тізбегіндегі токты шектеу үшін оны қосарда сыналатын қозғалтқышпен жалғанатын жүктемелі машина берілген қоздыруда болуын қадағалау қажет, сонымен қатар оны қоректендіретін өндіргіштің қоздырылған күйде болмауы қажет. Якорлық тізбектің жүктемелі машинаға қосылысынан кейін өндіргіштің қоздыру тогы біртіндеп өсе бастайды. Бұл кезде жүктемелі машина және осымен байланысқан сыналмалы қозғалтқыш айнала бастайды.

Қозғалтқыштың әлсіз ағын $\omega = f(I)$ және $\omega = f(M)$ есептеуі кезіндегі сипаттамаларын алу үшін қозғалтқышты қоздыру тогын оқытушының белгілеген шамасына дейін азайтумен іске асырылады. Бұл тәжірибие кезінде сұлба табиғи сипаттама алған жағдайдағыдай қалады. Қозғалтқыштың әлсіз ағыны үшін $\omega = f(I)$ және $\omega = f(M)$ сипаттамалары 2- суретте келтірілген.

Жұмыстың орындалу тәртібі

1. Электр жабдықты қондырғылармен танысу.

2. $U_H, I_{\omega H}, R_{\omega H} = 0$ кезіндегі өндіргіштік және қозғалтқыштық тәртіпте қозғалтқыштың $\omega = f(I)$, $\omega = f(M)$ табиғи сипаттамасын алу және тұрғызу.

3. Қарама-қарсы қосылғандағы берілген жылдамдық мәні арқылы қозғалтқыш тәртібінде $U = U_H, I_B = I_{\omega H}$ кезіндегі қозғалтқыштың реостаттық сипаттамаларын $\omega = f(M)$ алу және тұрғызу.

4. Әлсіз ағын кезінде қозғалтқыштың сипаттамасын $\omega = f(I)$, $\omega = f(M)$ алу және тұрғызу.

Сыналатын қозғалтқыштың мәліметтері:

Түр: П-21	$P_H=0,37\text{кВт}$	$U=220, \text{ В}$
	$I_{яH}=1,6\text{А}$	$R=24, \text{ Ом}$
	$I_{яH}=0,15\text{А}$	$n_H=725 \text{ айн/мин}$

№3 зертханалық жұмыс. Бір фазалы асинхронды қозғалтқышты зерттеу

Жұмыстың мақсаты: Бірфазалы асинхронды қозғалтқыштың құрылысымен, жұмыс істеу қағидасымен танысу және оның сипаттамасын зерттеу.

3.1 Стенд және қондырылған жабдықтар туралы негізгі мәліметтер

Стендте электр магниттік тежегіш орнатылған білікке қысқа тұйықталған роторымен үш фазалы асинхронды қозғалтқыш орнатылған. Тежелу моментінің реттегіші ретінде ЛАТР қолданылады. Тежелу моментінің сипаттамасын Мт аспабымен бақылайды. Сұлбада П₁ ауыстырып-қосқышы тежегішке үш фазалы кернеу, ал В₁ қосқышы қоректену кернеуін береді.

Қозғалтқыштың ротор білігіне айналу жылдамдығын өлшеу үшін жиілік-өлшегіш пен частотметрмен өлшенетін шығыс кернеулі жиілікті тахогенератор орнатылған. Бұдан басқа, стендте сандық вольтметр және амперметр, сол секілді қуат өлшеу еселеуіші $\cos \varphi$ үшін аспап орнатылған.

Үш фазалы асинхронды қозғалтқышты бір фазалы жұмыс кезінде ауыстырып-қосқанда статор орамына үш жағдайдағы (С₁, С₂, С₃) ауыстырып-қосқышқа жалғанған шықтағыш қолданылады. Сұлбаны құрастыру иілгіш оқшауланған өткізгіш көмегімен іске асырылады.

3.1 суретте минималды аз өткізгішті талап ететін зерттеулік сұлбасы үшін жинақтағыш жабдықтардан құрастырылған зертханалық стендтің құрылымыдық тақтасы келтірілген.

3.2 Жұмыс бағдарламасы

3.2.1 Қысқа тұйықталған ротор мен бір фазалы және үш фазалы асинхронды қозғалтқыштың құрылысымен және әсер ету қағидасымен танысу, бір фазалы қозғалтқыш ретінде үш фазалы қозғалтқышты қолдану мүмкіншіліктерін қарастыру.

3.2.2 Зерттеу сұлбаларымен және зертханалық стендпен танысу.

3.2.3 Сұлбаны 3.2 суретіне сәйкес жинау және үш фазалы асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипаттамаларын, сол секілді жұмыстық жүктемеге қуат еселеуішінің тәуелділігін алу.

3.2.4 Сұлбаны 3.3 суретіне сәйкес жинау және бір фазалы асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипаттамаларын, сол секілді статор тізбегіне үш мәнді жұмыстық шықтағыштың қосылуы кезіндегі жүктемеге қуат еселеуішінің тәуелділігін алу.

3.2.5 Бір фазалы және үш фазалы асинхронды қозғалтқыштың жұмысы кезіндегі алынған нәтижелерді салыстыру және қорытындылау.

3.3 Жұмыстың орындалу тәртібі.

3.3.1 Стендте кернеудің болмауын, өлшегіш аспаптың, клеммалардың және қосқыш өткізгіштің жағдайын тексеру. Зерттеу сұлбаларымен және зертханалық стендпен танысу.

3.3.2 Электрлік сұлбасын 3.2 суреттегідей жинау және P_1 ауыстырып - қосқышын қосып, үш фазалы қозғалтқышқа кернеу беріліп, қалған ажыратып-қосқыштар өшіріліп тұруы керек.

Осыдан кейін, V_1 ауыстырып-қосқышын жоғары жағдайда қосады және қозғалтқыш білігіндегі жүктемелік тежелу реттегішін сағат тілі бағыты бойымен қолмен айналдыра отырып іске асырады. Осы кезде барлық аспаптың көрсетулері жазылып, 3.1 кестесіне енгізіледі. Тежелу моментін өлшеуіш аспаптың көрсеткішін $0,1 \text{ Н*м}$ көбейту қажет.

ОДНОФАЗНЫЙ ДВИГАТЕЛЬ И ТАХОГЕНЕРАТОР




Рисунок 3.1 - Монтажная панель лабораторного стенда

3.1 кестесінің мәліметі бойынша масштабпен асинхронды қозғалтқыштың $\cos \varphi = f(M_T)$, $I = f(M_T)$ механикалық сипаттамаларын және тәуелділіктерін тұрғызу.

Осы берілген тарауды аяқтағаннан кейін Π_1 және B_1 ажыратып-қосқышын өшіру керек.

3.1 К е с т е - $n = f(M_T)$; $\cos \varphi = f(M_T)$; $I = f(M_T)$ тәуелділіктері

Өлшеу нәтижелері

№	V_1, B	A, A	$n, \text{айн/мин}$	$\cos \varphi, \text{о.е.}$	$f, \text{Гц}$	M_T, H^*M
1						
2						
5 дейін						

3.3.3 Ары қарай бір фазалы асинхронды қозғалтқышты зерттеу үшін үш фазалы қозғалтқышты бір фазалы қозғалтқышқа келтіріп, сұлбені 3.3 суретіне сәйкес жинау керек. Жиналған сұлбе бойынша үшфазалы асинхронды қозғалтқыш статорында көмекші орамаларымен бірфазалы шықтағыштық қозғалтқышты ұсынады. Сұлба бір фазалы асинхронды қозғалтқыштың $\omega = f(M_T)$ механикалық сипаттамасын алуға, $\cos \varphi = f(M_T)$ және $I = f(M_T)$ тәуелділіктерін алуға мүмкіндік береді.

Жұмыстық конденсаторға Π_1 ауыстырып-қосқышты C_1 жағдайына қойып, бір фазалы қозғалтқышқа кернеу береміз (3.3 суретті қараңыз).

Осыдан кейін B_1 ауыстырып-қосқышын жоғары жағдайда қосып, қозғалтқыш білігіндегі жүктемені тежелу реттегішін сағат тілі бағыты бойынша қолмен айналдыра отырып көбейтеді. Бұл кезде барлық аспаптың көрсеткіштері жазып алынады және 3.2 кестеге енгізіледі.

Тәжірибелік жұмыста конденсатордың ауыстырып-қосқышын кезекпен C_2 және C_3 жағдайына қойып, қайталайды. 3.2 кестенің мәліметтері бойынша алдыңғы алынған масштаб бойынша бір фазалы асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипаттамаларын, сол секілді алынған әртүрлі мәліметтері бойынша $\cos \varphi = f(M_T)$ және $I = f(M_T)$ тәуелділіктерін тұрғызу.

Өлшеу нәтижелері							
Положение	№	$V_1,$	$A,$	$n,$	$\cos \varphi,$	$f,$	$M_T,$
выключателя C^P	$n \setminus \Pi$	B	A	об/мин	о. е.	Гц	Н м
C_1	1						
	2						
	3						
	1						

C ²	2						
	3						
C ³	1						
	2						
	3						





Рисунок 3.2 - Схема исследования трехфазного асинхронного двигателя



№4 зертханалық жұмыс. Тахогенераторларды зерттеу

Жұмыстың мақсаты: синхронды және тұрақты ток тахогенератордың құрылысымен, жұмыс істеу қағидасымен танысу, олардың көрсеткіштерін есептеу және сипаттамаларын зерттеу.

4.1 Стенд және қондырылған жабдықтар туралы негізгі мәліметтер

Зертханалық стендтің құрылымдық тақтасы 3.1 суретте көрсетілген, бұл зертханалық жұмыстың кешендік жабдықтар жинағы оқшауланған зерттелген сұлбаны құрылымдауда жұмсақ өткізгіштердің минимал санын талап ету үшін жасалынған.

Стендте жетекті тұрақты ток электр қозғалтқышы, синхронды тахогенератор және тұрақты ток тахогенераторы, айналу жылдамдығын өлшеу үшін өзара байланысты қатты білікті сандық электронды тахометр орнатылған.

П₁ ауыстырып-қосқышы сандық вольтметр, амперметр және жиілік өлшеуіші частотометрдің қоректенуіне, ал П₂ ауыстырып-қосқышы тұрақты токты тахогенераторының орамдарын қоздырудағы және жетекті электр қозғалтқышы орамның қозуындағы кедергіні реттеу үшін орнатылған. Жетекті электр қоздырғышының якорлық орамы оның айналу жылдамдығын өзгертетін кернеуді реттегішке қосылған. Синхронды тахогенераторының шығысындағы кернеу жиілігі U_2 вольтметрмен өлшенеді.

Зерттелетін сұлбаны құрылымалау оқшауланған жұмсақ өткізгіштер көмегімен іске асырылады.

4.2 Жұмыс бағдарламасы

4.2.1 Синхронды және тұрақты токты тахогенератордың құрылысымен, жұмыс істеу қағидасымен, сол сияқты олардың негізгі көрсеткіштерімен танысу.

4.2.2 Зертханалық стендпен, синхронды және тұрақты ток тахогенераторының зерттеу сұлбаларымен танысу.

4.2.3 Синхронды тахогенераторға зерттеу жүргізу.

4.2.3.1 4.1 суретімен сәйкес синхронды тахогенератордың зерттеу сұлбасын жинау, оның сезімтал емес аймақтарын анықтау, шығыс сипаттамаларын алу және $U=f(n)$ сипаттамаларын тұрғызу.

- а) бос жүріс тәртібінде $Z_{H=\infty}$;
- в) активті жүктеме тәртібінде $R=1.0$ нОм:
- с) сыйымдылық жүктеме тәртібінде $C=0,5$ мкФ.

4.2.3.2 Тахогенератордың жұмыс сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштері ретінде синхронды тахогенератордың сызықтылығын және крутизіндерін анықтау.

4.2.3.2. $n=600$ айн/мин кезіндегі жүктеме шамасынан тахогенератордың шығысындағы кернеу тәуелділігін $U=f(z)$ алу және тұрғызу.

- а) активті жүктеме үшін $U=f(R)$;
- б) сыйымдылықты жүктеме үшін $U=f(X_c)$.

4.2.4 Тұрақты тоқты тахогенераторды зерттеу.

4.2.4.1 4.2 суреті бойынша тұрақты тоқты тахогенератордың зерттеу сұлбасын жинау, оның сезімтал емес аймақтарын анықтау, шығыс сипаттамаларын алу және $U=f(n)$ тұрғызу.

- а) бос жүріс тәртібінде $Z_{H=\infty}$;
- б) активті жүктеме тәртібінде $R=1,0$ кОм

4.2.4.2 Тұрақты тоқты тахогенератордың сызықтылығын және крутизіндерін анықтау.

4.2.4.3 $n=600$ айн/мин кезіндегі жүктеме шамасынан тахогенератордың шығысындағы кернеу тәуелділігін $U=f(z)$ алу және тұрғызу.

4.2.4.4 Тұрақты тоқты тахогенератордың асимметриялы шығу сигналын анықтау.

4.2.5 Тахогенератор зерттеу кезінде алынған мәліметтерді салыстыру және қорытындылау. Тахогенератордың қайсысы сапалы көрсеткішті екендігін анықтау.

4.3 Жұмыстың орындау тәртібі

4.3.4 Стендте кернеудің болмауын, өлшегіш аспаптың, клеммалардың және қосқыш өткізгіштің жағдайын тексеру. Зерттеу сұлбаларымен және зертханалық стендпен танысу.

4.3.5 Синхронды тахогенераторды зерттеу.

4.3.5.1 4.1 суретте ұсынылған электрлік сұлбаны жинау, бұл кезде Π_2 қосқышы ажыратылған жағдайда болуы керек.

4.3.5.2 Синхронды тахогенератордың сезімтал емес аймақтарын анықтау келесі түрде болады: Π_1 ауыстырып-қосқышы қосылып, сандық вольтметрге, амперметрге және частометрге қорек беру, жетекті электр қыздырғыштың орамын қоздыратын және тұрақты токты тахогенератордың орамын қоздыратын кернеуді 0-ден 110В қоректендіруші реттегішке жалғанатын Π_2 ауыстырып-қосқышымен қосу.

Осыдан кейін кернеу реттегішін сағат тілі бойымен бұрай отырып, жетекті электр қыздырғыштың минималды мүмкіндік айналымына келтіру және жылдамдықты көбейте отырып, тахогенератордың шығыстағы (кернеу және жиілік) сигналдың пайда болу сәтін қадағалау. Бұл кезде шығысында сигнал (U_2 және f) пайда болу кезіндегі айналу жылдамдығының 0-ден жылдамдыққа дейінгі аралығы жазып алынады. Ол аралық тахогенератордың сезімтал емес аймағын анықтайды.

4.3.5.3 Тахогенератордың бос жүрісі тәртібі кезіндегі, яғни $R_H = \infty$ кезіндегі тахогенератордың шығыс сипаттамаларын алу үшін әр **150 айн/мин** сайын кернеу реттегішін сағат тілімен бағыттап бұрай отырып, электронды тахометр, частометр f және вольтметр U_1 көрсеткіштерін 4.1 кестеге енгізу.

Тәжіриби тахогенератор орамының шығысына жалғанатын активті $R_H = 2,0$ кОм жүктеме тәртібінде және сыйымдылығы $C = 0,5$ мкФ жүктеме тәртібінде қайталанады.

4.1 К е с т е - $U_1=f(n)$ және $f=f(n)$ тәуелділіктері.

$Z_H = \infty$	$U_1, В.$						
	$f, Гц$						
	$n, айн/мин$	150	300	450	600	750	900
$Z_H = R$ $R_H = 2,0$ кОм	$U_1, В.$						
	$f, Гц$						
	$n, айн/мин$	150	300	450	600	750	900
$Z_H = X_C$ $C_H = 0,5$ мкФ	$U_1, В.$						
	$f, Гц$						
	$n, айн/мин$	150	300	450	600	750	900

4.3.5.4 Алынған масштабта 4.1 кестесінің мәліметтері бойынша бір графикке синхронды тахогенератордың $U_1=f(n)$ сипаттамаларын тұрғызу және генератордың үш фазалы ЭДС жиілікті тәуелділігінің $f=f(n)$ айналу жылдамдығына тәуелділігін тұрғызу.

4.3.5.5 Бос жүріс тәртібінде алынған сипаттамалар үшін өспелі кернеудің өспелі айналу жиілігіне қатынасын көрсететін крутизінді анықтау

$$C = \Delta U / \Delta n \text{ мВ/об/мин}$$

Тахогенератордың шығыс сипаттамасын жылдамдығы әр 150 айн/мин сайын 5-6 аймаққа (ординат осі бойынша) бөліп, крутизіндердің әр аймағындағы кернеу осімен анықтау.

Шығыс сипаттамаларының орташа арифметикалық мәнін, олардың санына бөлінген крутизіндердің жеке аймақтарының қосындысын анықтау.

Сызықты шығу сипаттамаларын сипаттайтын крутизіндердің әртүрлі ΔC_m жеке аймақтарда орнатылған максимал мәнін табу

$$\alpha = \frac{\Delta C}{C_{ар}} 100 \%$$

4.3.5.6 Тахогенератордың шығу кернеуінің жүктеме шамасына $U=f(z)$ тәуелділігін анықтаған кезде жылдамдықты $n=600$ айн/мин қою керек. Активті жүктемені $R_n=\infty$ тен $R_n=1,0$ кОм ұлғайта отырып, U_1 вольтметр 5 көрсеткіші жазып алынады.

Тәжірибе таза сыйымдылықты жүктемелер үшін ұқсас тәжірибелер жүргізіледі және нәтижелері 4.2 кестесіне енгізіледі.

4.2 К е с т е - $U_1=f(R_n)$ және $U=f(X_c)$ тәуелділіктері

R_n , кОм	∞	2,5	2,2	1,8	1,4	1,0
U_1 , В.						
C_n , мкФ	0	0,1	0,2	0,35	0,6	1,0
X_c , кОм	∞	31	15,5	9	5,3	3,18
U_1 , В						
n , айн/мин	150	300	450	600	750	900

4.3.5.7 Бір графикке 4.2 кестедегі мәліметтермен алынған масштаб бойынша синхронды тахогенератордың 2 сыртқы сипаттамалары $U_1=f(R_n)$ және $U=f(X_c)$ тұрғызылады.

Осы әдістеме бөлімі орындалғаннан кейін Π_1 және Π_2 ажыратып-қосқышыты өшіру қажет.

4.3.6. Тұрақты токты тахогенераторды зерттеу.

4.3.6.1 4.2 суретте көрсетілген сұлбаны жинау, бұл жағдайда P_1 және P_2 ауыстырып- қосқыштары ажыратылған жағдайда болу керек.

4.3.6.2 Тұрақты токты тахогенератордың сезімтал емес аймақтары

4.3.5.2.бөліміндегі синхронды тахогенератор үшін қарастырылған

әдістемедегідей, P_1 және P_2 ауыстырып-қосқыштары қосылған жағдайда анықталады. Бұл кезде U_2 вольтметр бойынша тахогенератордың шығысындағы кернеудің пайда болу моментін анықтап алған дұрыс.

4.3.6.3 Тахогенератордың бос жүрісі тәртібі кезіндегі, яғни $Z_H = \infty$ кезіндегі тахогенератордың шығыс сипаттамаларын алу үшін әр 100 айн/мин сайын кернеу реттегішін сағат тілімен бағыттап бұрай отырып, электронды тахометр, частометр f және вольтметр U_2 көрсеткіштерін 4.3 кестеге енгізу.

Тәжірибе тахогенератор орамының шығысына жалғанатын активті $R=1,0$ кОм жүктеме тәртібінде қайталанады.

4.3 К е с т е - $U_2=f(n)$ тәуелділігі

$R_H = \infty$	$U_2, В$						
	$n, \text{ айн/мин}$						
$R_H = 1,0 \text{ кОм}$	$U_2, В$						
	$n, \text{ айн/мин}$	150	300	450	600	750	900

4.3.6.4 Алынған 4.3 кестесінің мәліметі бойынша 4.3.5.4 бөліміндегі масштаб бойынша бір графикке тұрақты токты тахогенератордың $U=f(n)$ 2 шығу сипаттамасын тұрғызу.

4.3.6.5 Тұрақты токты тахогенератордың сызықты және крутизінді шығу сипаттамалары 4.3.5.5 бөліміндегі синхронды тахогенератор қарастырған әдістеме секілді анықтамады.

4.3.6.6 жүктеме шамасына $U=f(R_H)$ тахогенератордың шығыс кернеуінің тәуелділігін анықтау үшін электр қозғалтқыштың жетекті жылдамдығынан $n=600$ айн/мин келтіру керек. Активті жүктемені $R_H = \infty$ тен $R_H = 1,0$ кОм біртіндеп ұлғайта отырып, U_2 вольтметр көрсеткішінің 5 мәнін жазып алып, 4.4 кестесіне енгізу керек.

4.4 К е с т е - $U_2=f(R_H)$ тәуелділігі

$R_H, \text{ кОм}$	∞	2,5	2,2	1,7	1,0
U_2					
$n, \text{ айн/мин}$	150	300	450	750	900

4.3.6.7 Алынған 4.4 кестесіндегі мәліметтер бойынша тұрақты токты тахогенератордың $U=f(R_n)$ сипаттамалары тұрғызылады.

Осы әдістеме бөлімін орындау кезінде Π_1 және Π_2 ажыратып-қосқышын өшіру қажет.

4.3.7 Бос жүріс тәртібіндегі кері айналу жылдамдығы 600 айн/мин кезінде Π_1 және Π_2 ауыстырып-қосқышын қайта қосады және жетекті қозғалтқыш якорындағы полярлы кернеуді ауыстыру кезінде тахогенератордың ЭДС шығыс мәнін алады. Қарастырылған жағдайда (600 айн/мин) айналу жылдамдығы бірдей тура және кері бағытталу кезіндегі тахогенератордың шығыс ЭДС мәнінің $\Delta U = U_n - U_{обр}$ айырмашылығын көрсететін асимметриялы шығыс сигналдарын есептеу

$$\delta = \frac{\Delta U}{U_n} 100 \%$$

4.3.8 Тұрақты токты тахогенератордың және синхронды тахогенераторлардың сипаттамаларын сызықтық, крутизин және сезімтал емес аймағы бойынша салыстыру және қорытындылау. Тахогенератордың қайсысы сапалы көрсеткішті екендігін анықтау.

4.4 Мазмұны

4.4.1 Синхронды тахогенераторды зерттеу.

4.4.5.1 Синхронды тахогенераторды зерттеу сұлбасы.

4.4.1.2 Осы әдістемедегі 4.3.5.2 бөлімімен сәйкес синхронды тахогенератордың сезімтал емес аймағын анықтау бойынша тәжірибенің нәтижелері.

4.4.1.3 Сыйымдылықты жүктеме $C=0,5$ мкФ және активті жүктеме $R_n=2,0$ кОм, $R_n \rightarrow \infty$ бос жүрісті тәртіптегі жұмыстың $f=f(n)$ тәуелділігін және синхронды тахогенератордың шығу сипаттамасын тұрғызу үшін берілген өлшемдер тиімді.

Бір графикте алынған масштаб бойынша үш тәуелділік $f=f(n)$ және синхронды тахогенератордың $U=f(n)$ үш шығыс сипаттамаларының тәуелділіктері тұрғызылады.

4.4.1.4 Қарастырылып отырылған әдістеменің 4.3.5.5 бөлімімен сәйкес сызықты және крутизинді шығыс сипаттамаларын есептеу.

4.4.1.5 Алынған мәліметтер тахогенератордың шығыс кернеуінің сыйымдылықты жүктемеге және активті шамасына тәуелділігін тұрғызу үшін қажет.

Алынған масштаб бойынша бір графикте синхронды тахогенератордың сыртқы $U=f(R_H)$ және $U=f(X_c)$ сипаттамалары тұрғызылады.

4.4.2 Тұрақты токты тахогенераторды зерттеу

4.4.2.1 Тұрақты токты тахогенератордың зерттеу сұлбасы

4.4.2.2 Осы әдістедегі 4.3.5.2 бөлімімен сәйкес синхронды тахогенератордың сезімтал емес аймағын анықтау бойынша тәжірибенің нәтижелері.

4.4.2.3 Активті жүктеме $R_H=1,0$ кОм және $R_H=\infty$ бос жүрісті тәртіптегі жұмыстың $f=f(n)$ тәуелділігін және синхронды тахогенератордың шығу сипаттамасын тұрғызу үшін берілген өлшемдер тиімді.

4.4.1.5 бөлімінде алынған масштаб бойынша бір графикте $U=f(n)$ тұрақты токты тахогенератордың екі шығу сипаттамалары тұрғызылған.

4.4.2.4 Қарастырылып отырылған әдістеменің 4.3.5.5 бөлімімен сәйкес сызықты және крутизінді шығыс сипаттамаларын есептеу.

4.4.2.5 Алынған мәліметтер тахогенератордың шығыс кернеуінің сыйымдылықты жүктемеге және активті шамасына тәуелділігін тұрғызу үшін қажет.

Тұрақты токты тахогенератордың сыртқы сипаттамасы $U=f(R_H)$ 4.4.1.5 бөліміндегі алынған масштабпен тұрғызылады.

4.4.3 Тұрақты токты және синхронды тахогенераторлардың сапалы көрсеткіштерінің нәтиже қорытындылары.

4.5 Бақылау сұрақтары

4.5.1 Автоматика жүйесіндегі тахогенератор қандай сапада қолданылады?

4.5.2 Синхронды және асинхронды тахогенератордың құрылысы және жұмыс істеу қағидасы?

4.5.3 Тұрақты токты тахогенератордың құрылысы және жұмыс істеу қағидасы?

4.5.4 Синхронды тахогенератордың артықшылықтары және кемшіліктері.

4.5.5 Асинхронды тахогенератордың артықшылықтары және кемшіліктері.

4.5.6 Тұрақты токты тахогенератордың артықшылықтары және кемшіліктері.

4.5.7 Тахогенераторға қойылған талаптар және оның негіздері?

4.5.8 Тахогенератордың жұмыс сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштер.

4.5.9 Нөлдік сигнал және ол тахогенератордың қандай түрінде болады?

4.5.10 Асимметриялы шығыс кернеуі неге негізделген және ол қандай тахогенераторда пайда болады?

4.5.11 Тахогенератордың сезімтал емес аймағының асимметриялы және температуралық қателіктері деген не?

4.5.12 Жүктеменің азаюымен бірге тахогенератордың шығыс сипаттамалары крутизінде неге азаяды?

4.5.13 Тахогенератордың орамының шығыстағы реактивті кедергі құраушыларына қандай шығыс сипаттамалары әсер етеді?




Рисунок 4. 1 - Схема исследование синхронного тахогенератора




Рисунок 4.2 - Схема исследование тахогенератора постоянного тока

